

**М.Ө. Насимов** Қызылорда Болашақ университеті, Қазақстан, Қызылорда қ.  
e-mail: nasimov\_m@mail.ru

## ҰЛТШЫЛДЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТАРЫ: САПАЛЫҚ КОНТЕНТ-ТАЛДАУ

Біз қазіргі заманғы зерттеулерде жаһандану тұрғысынан ұлтшылдық және ұлттық құрылыстың шынайы мәселелерін қарастыруы маңызды деп санаймыз. Бұл мақаланың негізгі мақсаты – осы мәселеге қатысты шетелдік ғалымдардың көзқарастарын жүйелеу. Осылайша, біз қазақ және орыс тілдерінде жазылған ғылыми әдебиеттерді елемейміз. Бұл зерттеуде «Nationalism and nation-building» және «Nation-building and nationalism» басты түйін сөздер ретінде алынды және негізгі міндетті шешу бағытында «Scopus» базасында индекстелген мақалаларға сапалық контент-талдау жүргізілді. Мақала авторы зерттеу нәтижелерін орындау үшін 41 ғылыми әдебиетке басымдық берді. Ұлттық құрылысты зерттеген ғалымдардың көпшілігі ұлтшылдықты ұлттық құрылыстың бір түрі шеңбері қарастыруға бейім. Біз бұл идеядан бас тартпаймыз, бірақ зерттеу міндеттерін шешуге бағытталған 3 зерттеу сұрақтарына (ЗС) жауап іздейміз. Мақала нәтижелері және талқыламасының бірінші бөлімінде ұлтшылдық және ұлттық құрылыстың өзара байланыстары 17 ел мысалындағы көріністері талқыланады. Бұл бөлімде орыс, неміс, испан, малай ұлтшылдығына және социализм идеяларының ұлттық құрылысқа ықпалы секілді өзге де мәселелерге мән береміз. Зерттеудің екінші бөлімінде ұлтшылдық және ұлттық құрылыстың мәдени қырлары және білім беру процесіндегі рөліне назар аударылады. Бөлімде ұлттық және мәдени бірегейлікті анықтаудағы тілдің маңыздылығы, білім беру жүйесін демократияландыру және тарихи білім беруді реформаландыру, биоэтика саласының ұлттық құрылысқа ықпалы сынды т.б. мәселелерді талқыладық.

**Түйін сөздер:** ұлтшылдық, ұлттық құрылыс, мемлекеттік құрылыс, ұлтшылдық түрлері, бірегейлік түрлері.

M.O. Nassimov

Bolashak University, Kazakhstan, Kyzylorda  
e-mail: nasimov\_m@mail.ru

### **Relationship between nationalism and nation-building: Qualitative content analysis**

We think it is crucial that contemporary study consider the genuine issues with nationalism and nation-building in light of globalization. This article's major goal is to organize the viewpoints of international scientists on this subject. We thus disregard scientific literature that is written in Kazakh and Russian. In this study, «Nationalism and nation-building» and «Nation-building and nationalism» were taken as the main keywords, and to solve the main task, a qualitative content analysis of articles indexed in the Scopus database was carried out. The author of the article prioritized 41 pieces of scientific literature in order to accomplish the study's findings. Most scholars who have studied nation-building tend to view nationalism as a form of nation-building. We do not abandon this idea, but we are looking for answers to 3 research questions (RQ) aimed at solving research problems. In the first section of the results and discussion of the article, the manifestations of the relationship between nationalism and nation-building are discussed using the examples of 17 countries. In this section, we focus on Russian, German, Spanish, and Malay nationalism and other issues, such as the influence of socialist ideas on nation-building. The second section of the study focuses on the cultural aspects of nationalism and nation-building and their role in the educational process. In the section, we discussed such issues as the importance of language in determining national and cultural identity, the democratization of the education system and the reform of history education, the impact of bioethics on nation-building, etc.

**Key words:** nationalism, nation-building, state-building, types of nationalism, types of identity.

М.О. Насимов

Кызылординский университет «Болашак», Казахстан, г. Кызылорда  
e-mail: nasimov\_m@mail.ru**Взаимосвязь национализма и нациестроительства: качественный контент-анализ**

Мы считаем крайне важным, чтобы современные исследования рассматривали подлинные проблемы национализма и национального строительства в свете глобализации. Основная цель данной статьи – систематизировать точки зрения зарубежных ученых по данному вопросу. Таким образом, мы игнорируем научную литературу, написанную на казахском и русском языках. В данном исследовании в качестве основных ключевых слов были взяты «Nationalism and nation-building» и «Nation-building and nationalism» и для решения основной задачи был проведен качественный контент-анализ статей, индексированных в базе данных «Scopus». Автор статьи отдал приоритет 41 научной литературе, чтобы выполнить выводы исследования. Большинство ученых, изучавших нациестроительство, склонны рассматривать национализм как форму национального строительства. Мы не отказываемся от этой идеи, но ищем ответы на 3 исследовательских вопроса (ИВ), направленных на решение исследовательских задач. В первом разделе результатов и обсуждения статьи обсуждаются проявления взаимосвязи национализма и национального строительства на примере стран 17 стран. В этом разделе мы уделяем внимание русскому, немецкому, испанскому, малайскому национализму и другим вопросам, таким как влияние социалистических идей на национальное строительство. Во второй части исследования основное внимание уделяется культурным аспектам национализма и нациестроительства и его роли в образовательном процессе. В разделе мы обсудили такие вопросы, как важность языка в определении национальной и культурной идентичности, демократизация системы образования и реформирование исторического образования, влияние биоэтики на нациестроительство и др.

**Ключевые слова:** национализм, национальное строительство, государственное строительство, типы национализма, типы идентичности.

**Кіріспе**

Ұлттар мен ұлтшылдықтың әлеуметтік құбылыстарын түсіндіретін ғылымда нақты теориялар жоқ. Ғалымдар ұлтшылдықты жаңа элиталардың ескі элитаға, соғысушы халықтарға ренішінен туындаған идеология ретінде қарастырып жатады. Элита ұлттық көңіл-күй мен сезімдерді жұмылдыруға мүдделі қазіргі заманның сын-қатерлерін таба алады. Осыған орай, ұлтшылдық адамдарға қатыстылық сезімін береді, шеттетуден құтқаруды ұсынады, адамдардың тең дәрежеде болуына кепілдік береді (Greenfeld, 1992). Сонымен қатар, ұлтты халыққа айналдыру және бұл анықтаманы кеңірек әлемдік жүйеге сәйкестендіретін ойлаудың ерекше тәсілін қалыптастыру керек (Calhoun, 1997). Ұлтшылдықты талдау қазіргі таңда инновациялық зерттеу саласы болып көрінбеуі мүмкін. Дегенмен, мемлекеттік құрылыстың өзі осы ұлтшылдық идеяларымен байланысады.

В. Anderson (1983), Е. Gellner, (2009), Е. Hobsbawm және Т. Ranger (2012) жаңашыл көзқарастары әлі күнге дейін ұлтшылдық және ұлттық құрылысты зерттеудің негізгі дереккөзі болып табылады. Десек те, соңғы бірер жылда ұлтшылдықтың бастауы, ұлт-

тық мемлекеттің қалыптасуы, қарабайыр ұлтшылдық, әдіснамалық ұлтшылдық, мемлекет құрылысының жаһандық тұрғыдағы қыр-сырына қатысты бірталай зерттеулер мәселенің жаңа кезеңін туындатып отыр. Осы жаңа түсіндірмелердің кейбіреулері тарихнамалық ұлтшылдықтың тарихты жазуда әлі де басым рөл атқаратынын анық көрсетеді (Storm, 2018). Ұлтшылдық бойынша қызу даулы мәселелердің бірі оның пайда болуына қатысты болып отыр. Сарапшылардың көпшілігі ұлттар, ұлттық мемлекеттер және ұлтшылдық модернизмнің өркендеуімен тығыз байланысты және XVIII ғасырға дейін ұлтшылдық болған емес деген модернистік көзқарасты ұстанады.

Тарихты бүгін мен өткеннің болашағы туралы таласы деп жатады. Адамзаттың дамуына ғылыми прогресс пен ғылыми революциялардың ықпал еткені анық. Бұрын-соңды болмаған инновациялардың көпшілігі ғылым мен білімге негізделген. Ғылым XX ғасыр тарихында өшпес із қалдырған ұлтшылдық және ұлттық құрылысқа (Macleod, 2011) қатысты өзгерістерді қалыптастырды. D. Brown (2000) ұлтшылдықты үшке бөледі: азаматтық, этномәдениетті және мультимәдениетті. D. Brown (2000, 50-69) ұлттық құрылыс осы

үш санаттың біріне кіруі керек деп айтпайды. Ғалым этникалық ұлтшылдықты «жаман» деп айыптамады, сәйкесінше, азаматтық ұлтшылдықты «жақсы» деп мақтаған жоқ. Ол академиялық дискурста үстемдік еткен примордиализм мен конструктивизм туралы ескі пікірталастарға мән бермей, ұлтшылдық және ұлттық бірегейлік түзелістерін зерттеуде осы үш тұжырымдаманы тиімді пайдаланды. Ұлттық бірегейлік ұлтшылдардың қолында қарапайым алдамшы құрал болса, ғалымдар қолында қиын зерттеу тақырыбы болып табылады (Barr, 2010). Бұл құбылыстың түрлі академиялық тәсілдері J. Hutchinson және A.D. Smithтің (1994) ұлтшылдық туралы жазылған еңбекте толық қамтылған.

Ұлттар мен мемлекеттер әрдайым болған. Ұлтшылдық және ұлттық құрылыстың түпкілікті өнімі ұлттық мемлекетті құру деген мағынаға келеді. Бұл процесті 1648 жылы «әр халықтың өз мемлекеті» максимасын заңдастырған Вестфаль бейбітшілік келісімі және XVIII ғасырдағы еуропалық Ағартушылық бастады. Ағартушылық дәуір тәуелсіз, мәдени біртекті мемлекеттерге лоялдығы басым дербес тұлғаларды құруды мақсат етті. Әлсіз және кіші ұлттарды басым көпшілік ұлтқа біріктіру мен ассимиляциялау да өзекті болды. Сол кездегі түсінікке сәйкес ұлттық мемлекеттер өздерін сақтап қалу үшін бір дінді, бір тілді және кем дегенде бір жаудың болғанын қалады (Oommen, 2002). Сондықтан мемлекет пен ұлт арасындағы шиеленіс осы кезеңнен басталып, бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Мемлекет басқаруды жеңілдету үшін әлеуметтік-мәдени категорияларды белгілейді, жүйелендіреді және біріктіреді. Осылайша, мемлекет пен ұлт арасындағы талас мемлекет тарапынан мәдени біртектілік және ұлт тарапынан мәдени бірегейлікті сақтау талабы арасындағы шиеленісті білдіреді.

Ұлттық бірегейлік қазіргі ұлтшылдықтың дамуының жемісі болып табылады. Француз революциясынан бастап қазіргі ұлтшылдық тек идеология ғана емес, осы идеологияға негізделген саяси-әлеуметтік қозғалыс. Қазіргі ұлтшылдықтың ең негізгі саяси өнімі – ұлттық мемлекет. Кез келген қазіргі ұлттық мемлекет екі маңызды көріністі қамтиды. Біріншісі, ұлт-мемлекет жүйесі, екіншісі, мемлекет территориясындағы тұрғындардың ұлттық бірегейлігі. Мәдени бірегейлік тұлғаның әлеуметтік қасиеттерінің көрінісі аясында

тұлғалық бірегейлік пен этникалық топтар мен ұлттық бірегейлікке әсер етудің маңызды құралы болып табылады. Осылайша, ұлттық бірегейлік ел азаматтарының өз елінің тарихи және мәдени дәстүрлері, адамгершілік құндылықтар, мақсаттар, сенімдер және ұлттық егемендікпен байланысты түсінік. Бұл жеке адамдар мен топтардың өздерін саяси қауымға, елге тиесілі деп санауынан көрінеді (Liu & Turner, 2018).

Соңғы 20 жылда саяси философтар батыс демократиялық елдеріндегі этномәдени топтардың құқықтарына қызығушылығы айтарлықтай артқаны байқалады. Израиль философы И. Раздың еңбектері, оның ішінде «Multiculturalism: A liberal perspective» (Raz, 1994) атты мақаласы осы пікірталастарда маңызды рөл атқарды. W. Kymlicka (2003) зерттеуінде И. Раздың теориясы көпмәдениеттілік, азшылық құқықтары туралы пікірталастардағы үш ұстанымы көрсетеледі: мәдениеттер алуандығы коммунитаризмнің бір түрі; «Либералдық теория шеңберінде азшылықтардың құқықтарының қандай шеңбері болуы мүмкін?» деген сауалға жауап; азшылық құқықтарының ұлттық құрылысқа жауаптары. Бұл ұстанымдар ұлттық құрылыстың мәдениеттер алуандығы және азшылық ұлттар мен иммигранттарға ықпалын көрсетіп отыр.

Көрші елдермен тату болу ұғымы геосаяси ахуалдың әлеуметтік әсерін қайта қарастыруды талап етеді. Қазіргі геосаяси шарттарда посткеңестік мемлекеттердегі ұлтшылдық және ұлттық құрылыс жалпы еуропалық идеяларға қайшы келеді (Liikanen, Scott, & Sotkasiira, 2016). Еуропалық құндылықтар көбінесе ұлттық сәйкестендіру мен ұлттық саяси қауымдастықтарды нығайтуға балама ретінде ұсынылады. Дегенмен, еуропалық құндылықтар тұжырымдамасы іс жүзінде өзге елдер құндылықтарына сәйкес келмеуі мүмкін. Өйткені кейбір елдерде қоғамдық басымдықтар халықаралық нормаларды сақтаумен байланысты болса, өзге саяси режимдер үшін саяси тұрақтылық пен экономикалық даму маңызды болуы ықтимал.

S. Akturk (2017) мақаласында Ресей мен Түркияның XXI ғасырдың басында ұлттық құрылысқа қатысты ұстанымдарын түбегейлі өзгерткені, Кавказ, Орталық Азия, Таяу Шығыс, Ресей және Түркия арасындағы көші-қон үлгілері қоғамды қайта құру, ұжымдық бірегейлікті дамытуға бағытталған жаңа

мемлекеттілік құндылықтары нығая түскені дәлелденеді. Ғалым XIX және XX ғасырдың басындағы зерттеулерге мән бере отырып, ұлтшылдық және ұлттық құрылысқа арналған жұмыстардың көпшілігі Кеңес Одағы құлағаннан кейінгі Еуразияда болған ұлттық құрылыстың маңызды өзгерістерін елемейтіндігін айтады. Сонымен қатар, ғалымның пікіріне сәйкес посткеңестік Орта Азия мен Кавказда ғана емес, Ресейде, тіпті Кеңес Одағының құрамына кірмеген Түркияда ұлтты анықтауда айтарлықтай өзгерістер орын алған. Ұлтшылдық нормаларының жаңа өзгерістеріне байланысты әр мемлекет ұлттық құрылыстың түрлі жобаларын жүзеге асыруға кіріседі. Осы тұста посткеңестік Еуразияның мемлекеттері өздері жүргізіп жатқан саясаттағы айырмашылықтарға сәйкес ұлттық құрылыстың жаңашыл идеяларын күшейту қажеттілігін байқады.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстанның демографиялық құрамы жаңа қазақтандық үкіметке мынадай дилемма туындатты: қазақ емес халықтың көп бөлігін шеттеу арқылы қазақ бірегейлігін бірінші орынға көтеру керек пе? Этникалық емес ұлттық бірегейлікті жақтау керек пе? Бұл шешімдер либералды мультикультурализмнің жаһандық нормалары аясында қалай қабылдануы керек? Азаматтардың жаңа бірегейлік шеңберіне жауаптары қандай болады? К.М. Rees және N. Webb Williams (2017) мақаласында Қазақстандағы этностан жоғары бірегейлікті қалыптастыру, азаматтардың өз этникалық бірегейлігінен жоғары немесе оған жақын ұлттық сәйкестендіруді дамытуға арналған көзқарастар ұсынылған. Авторлар Қазақстан саясатының ұлтшылдық және ұлттық құрылыс теорияларымен қиылысуын сипаттау үшін Қазақстан халқы Ассамблеясын мұқият зерттеген. Қазақстан азаматтарының «қазақстандық» этностан жоғары бірегейлікпен байланысын зерттеу үшін 2014 жылғы сауалнама деректерін талдайды. Авторлар тұжырымдамасы ҚХА-ның қызметіне қарамастан, Қазақстанда этностан жоғары бірегейлікті азаматтар деңгейінде қабылдау, тілге қатысты айтарлықтай кедергілер әлі де бар екенін көрсеткен. Сәйкесінше азаматтықты абстрактілі түрде бағалайтындар қазақстандық бірегейлікпен байланысын айтады.

N. Batiashvili (2017) іргелі еңбегінде бөлінген ұлт пен поляризацияланған мемлекет-

тілік туралы жазады. Негізгі мақсат ретінде мәдениет қалыптастырған және тарихпен нақышталған қиял түрлерін бөлу және поляризацияны зерттеу алынған. Мәселенің екі жақтылығы ұлтты білдіретін екі түрлі дискурсивті көзқарас және ортақ мәдени рәміздік өріске негізделген пікірлермен байланысты. Осы дискурстардың мәдени семантикасын атап көрсеткен автор Шығыс пен Батыс арасындағы ұлтшылдық және ұлттық құрылыстың заманауи түрлерін түсінуге арналған тұжырымдамалық терминдердің жаңа шоғырын ұсынады.

J.M. Laughlin (1986) зерттеу жұмысында ұлттық құрылыс және ұлтшылдықтың саяси географиясы қарастырылып, ұлтшылдықтың түрлі бейнелері түбегейлі басқа саяси географияны тудыратыны айтылады. Ұлтшылдықты дербес әлеуметтік күш ретінде қарастыратын гегельдік тенденция және ұлттық мемлекетті мінсіз табиғи және прогрессивті деп танытын құрылымдық теориялар ұлтшылдықтың мемлекетке бағытталған саяси географиясымен белгіленеді. Осылайша бұл түсінік ұлттық құрылыс процесіне өз үлестерін қосты. Көптеген тұжырымдарда мемлекеттік құрылыс пен ұлтшылдыққа мәдени және саяси қатынастардың ұлттық құрылысқа тән экономикалық күштермен байланысын ескеретін диалектикалық тұрғыдан қараған дұрыс деп айтылады. Бұл нақты тарихи және аумақтық жағдайларда ұлттық құрылыс күштерін зерттеуді қажет етеді.

XIX ғасырдағы саяси тарих қаншалықты «ұлттық» негізде болды? Бұл сұрақтың өзектілігі сол ғасырдағы ұлтшылдық және ұлттық құрылыстың дамуымен байланысты.

R. Aerts (2009) мақаласында тарихнама, конституциялық құрылыс үлгілерінің трансұлттық айналымы зерттелген. Бізді осы ұлтшылдық дәуірінде саяси және конституциялық үлгілер трансұлттық сипатта болғаны қызықтырады. «Nationalizing Empires» (Berger & Miller, 2014) іргелі еңбегі тарихнамада ондаған жылдар бойы үстемдік етіп келе жатқан империя мен ұлттық мемлекет арасындағы дихотомияға қарсы тұрады. Авторлар өздерінің назарын империялық өзектегі мемлекеттік құрылысқа аударады және XIX ғасыр ұлттық мемлекеттер дәуірі емес, империялар мен ұлтшылдық ғасыры деп санайды. Авторлар империялық метрополиядағы ұлттық құрылыс бүкіл империяларды таратуға

немесе ұлттық мемлекеттерге айналдыруға емес, империяларды сақтауға және кеңейтуге бағытталған бірқатар жағдайларын көрсетеді. Мұндай бақылаулар соңғы уақытқа дейін теориялық пайымдаудан аулақ болды.

Жоғарыда айтылған тұжырымдарға сәйкес зерттеліп отырған мәселе өзекті деп санаймыз. Сондықтан берілген зерттеу жұмысы ұлтшылдық және ұлттық құрылыстың өзара байланыстарын сапалық контент-талдау арқылы анықтауға бағытталады. Зерттеудің негізгі мақсаты ұлтшылдық және ұлттық құрылыстың өзара байланыстарын елдер мысалындағы көріністерін айқындаумен байланысты. Сонымен қатар, зерттеуде ұлтшылдық және ұлттық құрылыстың мәдени қырлары, білім беру процесіндегі рөлі талданады.

Осы зерттеу жұмысының жауап беруге бағытталған зерттеу сұрақтары (ЗС) мынадай: (ЗС 1) Ұлтшылдық және ұлттық құрылыстың қандай өзара байланыстары бар?

(ЗС 2) Ұлтшылдық және ұлттық құрылыстың өзара байланыстары аясында әлем елдерінде кездесетін қандай ерекшеліктерді анықтауға болады?

(ЗС 3) Ұлтшылдық және ұлттық құрылыс бойынша қандай мәдени мәселелер бар және оның білім беру процесіндегі рөлін анықтауға бола ма?

### Материалдар және әдістер

Осы зерттеу жұмысына қатысты материалдарды іздеу үшін «Scopus» деректер базасы пайдаланылды. Бұл базаның өзге ғылыми дерекқорлар арасынан таңдалуының себебі, база реферативті және дәйексөз келтірілген әдебиеттердің ең үлкен және толық дерекқоры болып саналады.

Сапалық контент-талдау келесі кезеңдерге сәйкес жүзеге асырылды:

1. Контент-талдау үшін ұлтшылдық және ұлттық құрылыс ұғымдары бойынша деректер жиынын қалыптастыру мақсатында зерттеу жарияланымдарын жинау және жүйелеу. Бұл үшін базаның «Мақала тақырыбы, реферат, түйін сөздер» (TITLE-ABS-KEY) бөлімінде «Nationalism» және «Nation-building» түйін сөз ретінде алынды. Базадан материалдар 2023 жылдың 5 ақпанында жинақталды (1-кесте).

1-кесте – Бастапқы элементтер мен іздеу жолдары

Мәліметтер базасы және түйін сөздер арқылы зерттеулерді анықтау		
Сәйкестендіру	<p>«Nationalism» Дерекқордан анықталған жазбалар (n = 37,566)</p>	<p>Материалдар түрі</p> <p>Мақала (n = 23,707) Кітап тарауы (n = 5,765) Шолу мақаласы (n = 4,034) Кітап (n = 2,874) Конференция материалы (n = 407) Редакциялық мақала (n = 360) Ескерту (n = 276) Хат (n = 58)</p> <p>Қателікті түзеу материалы (n = 51) Қысқа шолу (n = 30) Конференциядағы шолу материалы (n = 1) Жарияланымнан қайтарылған материал (n = 1) Белгісіз (n = 2)</p>
	<p>«Nation-building» Дерекқордан анықталған жазбалар (n = 6,835)</p>	<p>Материалдар түрі</p> <p>Мақала (n = 4,215) Кітап тарауы (n = 1,223) Шолу мақаласы (n = 637) Кітап (n = 521) Конференция материалы (n = 136) Редакциялық мақала (n = 56) Ескерту (n = 31)</p>
		<p>Қателікті түзеу материалы (n = 8) Қысқа шолу (n = 5)</p> <p>Конференциядағы шолу материалы (n = 1) Хат (n = 1)</p> <p>Белгісіз (n = 1)</p>

2. Мәліметтер базасы және түйін сөздер арқылы зерттеулер жиынтығын тарылту және тек ұлтшылдық және ұлттық құрылыс санаттары бойынша материалдарды табу мақсатында «Nationalism and nation-building» және «Nation-building and nationalism» түйін сөзі

арқылы материалдарды қайта жүйеледік. Нәтижесінде 57 материал табылып, алынған барлық материалдар осы зерттеу жұмысының зерттеу сұрақтарына (ЗС) сәйкес келетініне көз жеткізу үшін қосымша іріктеу процесі жүргізілді (2-кесте).

2-кесте – Түйін сөздер арқылы материалдарды таңдау процесі

Мәліметтер базасы және түйін сөздер арқылы зерттеулер жиынтығын тарылту		
Сәйкестендіру	Дерекқордан анықталған барлық жазбалар (n = 44,401)	Көру алдында жойылған жазбалар (n = 44,344)
Іріктеу	Қаралған жазбалар (n = 57)	
	Жарамдылық үшін бағаланған толық мәтінді жазбалар (n = 57)	
Енгізілді	Шолуға енгізілген зерттеулер (n = 41)	Алынып тасталған жазбалар (n = 16)

Шолуға енгізілген зерттеулерді пайдаланып қажетті кодтарды талдап, оларды ішкі санаттарын сәйкестендірдік. Кластерді тақырыптармен белгілеу үшін ішкі санаттарға талдау жүргіздік. Зерттеу параметрлерін анықтау барысында ішкі санаттарды талдау арқылы ұлтшылдық және ұлттық құрылыстың өзара байланыстарының елдер мысалындағы көріністерін, мәдени қырлары мен білім беру процесіндегі рөлін анықтадық. Зерттеу тақырыптары мен аспектілерін салыстыру және тұжырымдау арқылы зерттеу нәтижелеріне қол жеткіздік. Сапалық контент-талдау бес қызметті атқарды: (1) негіз құру; (2) зерттеудің ғылыми ізденістерді жетілдіргенін көрсету; (3) зерттеудің тұжырымдамасын анықтау; (4) зерттеу дизайны мен құралдарын бағалау; (5) нәтижелерді түсіндіру үшін бастапқы мәселелерін ұсыну.

Зерттеу жұмысына жүйелік талдаудың тұжырымдамалары мен қағидалары да көмек берді. Жүйелік талдау (1) шолуға енгізілген зерттеулердің заңдылықтары мен қағидаларын түсінуге және өзара байланыстарын айқындауға көмектесті; (2) ұлтшылдық және

ұлттық құрылыстың бүгінін, өткенін және болашағын зерделеуге үлес қосты. Тарихи, салыстырмалы және тұжырымдамалық талдау әдістеріне де маңызды рөл берілді.

### Нәтижелер және талқылау

#### Ұлтшылдық және ұлттық құрылыстың өзара байланыстарының елдер мысалындағы көріністері

Бүгінгі таңда ғалымдар қазіргі ұлтшылдық және ұлттық құрылысты түсінеміз деп болжап жүр. Зерттеушілер мемлекеттік құрылыстың пайда болуы жөніндегі түрлі дәстүрлерді сирек қарастырады. Оның орнына «ғаламдық ауыл» туралы тым көп айтылады және оның болжамды біркелкілігі мен қашып құтылмас траекториялары ұсынылады (Eisenstadt, Schluchter, & Wittrock, 2018). Біз қазіргі заманды болашағы алдын ала анықталған құбылыс ретінде қарастыруымыз керек. Өйткені қазіргі таңда жаңғыру туралы бұрынғы идеяларды терең бағалауды талап ететін қазіргі өркениет туралы жаңа түсініктер пайда болуда.

Өткенді еске алу ұлтшылдық және ұлттық құрылыс процестерінің негізгі сипаттамаларын

ашады. J. Moreno-Luzón (2007) мақаласында испандық «Тәуелсіздік соғысының» бірінші жүз жылдығын атап өту үшін 1908 жылдан 1912 жылға дейін өткізілген бірқатар маңызды еске алу шараларын қарастыру арқылы испан ұлтшылдығы зерттеледі. Автордың зерттеу нәтижелері үш қорытынды жасауға мүмкіндік береді: ұлтшылдық тән мифтер қазір де қоғам мүшелеріне әсер етеді; жергілікті және аймақтық бірегейліктердің көпшілігі ұлттық бірегейлікке қайшы келмей, керісінше күшейтеді; ұлттық жады өткенді өз күн тәртібін қолдау үшін пайдаланатын түрлі саяси пікірлер үшін күрес алаңы болып табылады. Тарих пен жадының ұлттық құрылысқа ықпалын D.R. Marples (2012) мақаласынан да байқауға болады. Бұл зерттеуде қазіргі танымал нарративтер (БАҚ, кино, деректі фильмдер), ескерткіштер мен тарихи орындар арқылы Белоруссиядағы неміс-кеңес соғысының мемлекеттік құрылыстағы рөлі қарастырылады. Автор үш негізгі тарихи нысан – Брест қорғаны, «Сталин сызығы» және «Хатынь» тарихи-мәдени кешендерінің аңыз шығармашылығына ерекше назар аударады. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес мынадай заңдылықтарды байқаймыз: тарихи ескерткіштер соғыс уақытындағы оқиғаларды ресми түсіндіру мен қазіргі азаматтық ұлтшылдық және ұлттық құрылыс арасындағы байланыстарды сипаттайды; жадыны дамыту үшін ардагерлер мен жастар арасында байланыс орнату; тарихи ревизионизм деп аталатын барлық қалдықтарды жою.

1871 жылғы Германия империясы саяси жағынан біртұтас болғанымен, діни негізде терең бөлінген күйінде қалды. H.W. Smith «German nationalism and religious conflict» (1995) кітабында осы бөлінудің әлеуметтік, мәдени және саяси тарихы туралы жазады. Ғалым протестанттар мен католиктер мәдениеттің «көрінбейтін шекарасымен» бөлінген және мағынаның ортақтығы ретінде анықталған түрлі әлемде өмір сүрді деп дәлелдейді. Бұл көзқарастар байланысқа түскенде, жалғасы қақтығысқа айналды. H.W. Smith бұл қақтығыстың жергілікті және ұлттық аспектілерін зерттеп, алғаш рет протестанттық лиганың тарихын, католиктердің ұлттық мәдениетке ықпалдастығына байланысты таңдауларын анықтайды. Автор діни қақтығысты ұлттық құрылыс және ұлтшылдықтың кең контекстінде қарастырады. Бір-біріне төзбеушіліктің

ұзақ тарихымен жалғасып келе жатқан қақтығыс Германияның заманауи, зайырлы, интеграцияланған мемлекетке айналуының біркелкі емес және күрделі процесінің бөлігі болды. Демек, діни қақтығыс неміс ұлттық бірегейлігінің құрылуына және неміс ұлтшылдығының көрінісіне әсер етті. Ғалым осы діни тұрғыда бөлінген қоғамда неміс ұлтшылдығы екі діни топ арасындағы шиеленісті реттеп қана қоймай, олардың айырмашылықтарын білдіру үшін жаңа түсініктер қалыптастырды деп сендіреді. Осылайша, ұлтшылдық неміс қоғамын бөлуге де, біріктіруге де қызмет етті.

Қытайдағы социализмнің 1890 жылдары пайда болғаннан бастап XX ғасырдың соңына қарай біртіндеп құлдырауына дейін ғасырға жуық тарихы бар. Қытай Коммунистік партиясы (ККП) әлі де социалистік қоғамды басқаруға ұмтылуда, бірақ 1980 жылдардан бастап бұл мәлімдеме өзінің сенімділігін жоғалтты. Социализм туралы сақталған естеліктер және социалистік революция жетістіктері партия легитимдігін қорғаудың тетігі. Бірақ, қандай мағынада социализмді айтсақ та, жаһандық капитализм шеберханасына айналған қоғамдағы адамдардың күнделікті өміріне қатысы шамалы болып қала береді (Dirlik, 2008). Жалпы социализмді құруға бағыт алған елдердің саясаты екі алғышартқа негізделген. *Біріншіден*, кез келген социалистік революция ұлтшылдық және ұлттық құрылыс мәселелерімен байланысты болды. Бұл социализмді байлық пен билікке ұлттық ізденістің тағы бір көрінісі ретінде қарауға әкелді. Бұл көзқарас социалистік революция өзгерістерінде рөл атқарған утопиялық үміттерді елемейді. Өйткені социализм сол кезеңдегі қоғамның кеселдерін жеңуге уәде беретін көзқарасты қамтамасыз етті. Сондай-ақ осы мақсатқа жетудің құралдары ретінде әлеуметтік және мәдени революция ұсынылды. Социализмнің ұлттық революция жолында құралға айналуы ұлттың саяси бытыраңқылығын жеңетін әділетті қоғам құруға деген утопиялық ұмтылыстармен қатар өмір сүрді.

*Екіншіден*, социализмнің тағдырын түсіну үшін осы әлеуметтік әділеттілікті қамтитын социализмнің аймақтық тарихын білген маңызды. Социализм батыс капитализміне революциялық баламаларды іздеудің аймақтық бөлігі ретінде өркендеді. Социализмді көз-деген әрбір мемлекет социалистік идеяларды

жалғыз таратушы болмаса да, негізгі қайнар көзі болғысы келді. Ғылым саласының өкілдері өз жұмыстарының нәтижелерін социалистік идеялардың негізгі көзі болғанын қалады. Мәселен, КСРО кезеңінде қорғалған көптеген кандидаттық және докторлық диссертациялар нәтижелері осы социалистік идеялармен байланыстырылды.

Жиырманшы ғасырдағы Ауғанстан ұзақ уақыттан бері аналитикалық дихотомия тұрғысынан қарастырылды. Тарих ғылымдарының бір саласы 1910 және 1920 жылдардағы Ауғанстанның ұлттық құрылысының күрделі прогресін, екінші сала 1979 жылдан кейінгі ауған ұлтының ыдырауын түсіндіруге тырысты (Green, 2013). Ғасыр соңындағы ондаған жылдармен өлшенген бұл дихотомиялық өріс хронологиялық, процедуралық және әдіснамалық тұрғыдан мәселелер туындатқаны байқалады. 1929-1979 жылдардағы төңкерістердің хронологиясы деңгейінде екі ғылым саласының нәтижелерін нанымды түрде біріктіру қиынға соғады. Зерттеу мәселелері тереңірек болған сайын хронология мен процесс сұрақтарынан туындайтын әдістер күрделене түсті. Мәселеге ұлтшылдық және ұлттық құрылыс шеңберінде назар аударатын болсақ, ұлттық кеңістік пен саяси акторлардың ықпалы зор деп пайымдаймыз.

Ү. Allweil (2016) пайымдауынша, тұрғын үй Израиль мен Палестинадағы ұлтшылдық және ұлттық құрылыс тарихында шешуші рөл атқарды. Ғалым жер мен тұрғын үй мәселесі сионизмде, Палестина ұлтшылдығында негізгі орын алатынын, сионистік және палестиналық ұлттық тұрғын үйлердің тарихы 1858 жылы Осман жер кодексі енгізілгеннен бастап осы уақытқа дейін бір-бірімен тығыз байланысты екенін атап өту үшін «Отан» тұжырымдамасын қолданады. «Жер реформасы және ұлтшылдық тарихнамасы» атты I бөлімде 1858 жылғы Осман жер кодексінің тікелей нәтижесі ретінде ұлтшылдықтың қалыптасуы талқыланады.

«Тұрғын үй прото-ұлтшылдық ретінде» атты II бөлімде тұрғын үй мәселесіне назар аудару Отанға талап қоюдың құралы саналатындығы дәйектеледі. «Мемлекеттік егемендік дәуіріндегі тұрғын үй және ұлттық құрылыс» III бөлімінде Израиль халқына мемлекеттіліктің ұлттық тұрғын үйге ықпалы зерттеледі. Қорытындыда тұрғын үйдің Израиль мен Палестинадағы пайымсыз шиеленістердің маңызды нысаны болғаны талқыланып,

оның айналасында Израиль мемлекеті құрылып және реформаланып жатқаны баяндалады.

T. Chee-Beng (2011) зерттеуінде Малайзиядағы этникалық тиістілік, ұлтшылдық және ұлттық құрылыс талқыланады және Малайзия мысалынан не үйренуге болатынын көреміз. Зерттеу нәтижелері Малайзиядағы ұлттық құрылыстың жалпы дүниетанымының қалыптасуына ықпал еткен және қауымдастықтармен бөлінген этникалық тиістілік саясаты арқылы қалыптасқанын көрсетеді. Елдегі түрлі этникалық топтар Малайзия халқы туралы жан-жақты түсінікті иеленді және ұлттың өзі де қатты полярланды. Түрлі этникалық топтарға жататын саясаткерлер этникалық қағида бойынша ұстанымда болғандықтан, 1969 жылдан кейінгі малайлар ұлтшылдығының қайта жандануы және өзге ұлттар реакциясы елді жоғары полярланған ұлтқа айналдырды. Бұл елдегі ұлтшылдық малай элитасының ұлтшыл идеологиясын білдіріп, мәдени және исламдық бірегейлік сипаттамасына сәйкес Малайзияның басқа ұлттарының ізіне түседі. Осы қауымдық ұлтшылдық этникалық ұлтшылдыққа жақын. Демек, көпұлтты мемлекеттегі этникалық топ мүддесі және топ ұмтылған мәдени ұлтшылдықты немесе ұлттың мәдени көзқарасын өз елінде көрсету үшін жасалатын ұлтшылдық түрі деуімізге болады. Іс жүзінде осы ұлтшылдықтың түйісуін елдің экономикалық және саяси мүдделерінің ілгерілеуіне ықпал жасау қажет. Әрине айтып отырған қауымдық ұлтшылдық жеке мемлекет құруды көздемейтіндіктен, сепаратистік ұлтшылдыққа ұқсамайды. S. Gill (2014) зерттеуінде Малайзия секілді көптілді және көпұлтты дамушы ел контекстіндегі ұлт және ұлтшылдық терминдері анықталады. Автор ұлттың құрылуы және ұлтшылдыққа қатысты этникалық-лингвистикалық бірегейлікті және мұндай бірегейліктің плюрализмі мен келіспеушіліктерін анықтайды. Ұлттан жоғары бірегейлік және оған жаһандану тілі болып табылатын ағылшын тілінің ықпалын қарастырады. Осылайша, Малайзия қоғамы контекстінде бірегейліктің үш нұсқасын айтуымызға болады: этникалық, ұлттық және ұлттан жоғары.

E. Mavroudi және L. Holt (2021) мақаласында Австралиядағы грек диаспорасының ересек мүшелерінің балалық шақтағы тәжірибесін



еске түсіре отырып, диаспоралық ұлттық құрылыстың тұрақсыз, өзара байланысты және динамикалық процестері зерттеледі. Зерттеу ғылымға екі негізгі жаңалығымен үлес қосады: біріншіден, авторлар гибридті грек және австралиялық ересек ұлттық бірегейлік үшін диаспоралды балалық пен балалар кеңістігін еске түсіру мен бейнелеудің маңыздылығын анықтайды. Екіншіден, ересектердің балалық шақтағы естеліктері арқылы туған жерге оймен саяхаттауға болады. Бұл өз кезегінде өткеннің тікелей бейнелерін емес, шығармашылық, аффективті, жеке және ұжымдық түрде еске алынатын уақыт кеңістігін құрайды. Аталмыш кеңістікте өзге елдерде тұратын диаспора өкілдерінің өз ана тілін және сол елдің тілін білу қажеттілігін көрсетеді.

Т. Assefa (2022) пікірінше, Эфиопиядағы қазіргі этникалық қақтығыс 1991 жылдан бергі көпұлтты федерализм мен этникалық саясаттандырудың қарапайым жанама өнімі емес. Автордың айтуынша, ұлтшылдық және ұлттық құрылыс тұжырымдамаларын теріс пайдалану елдің саяси тарихында кең таралған. Ахуал мемлекет дамуына кері әсер тигізгенін түсінеміз. Дегенмен, Эфиопиядағы этникалық қақтығыстардың түпкі себептері туралы қайшылықтарды елдің 1991 жылға дейінгі тарихын этникалық қақтығыстар тұрғысынан жан- жақты және шынайы зерттемейінше, толық түсіне алмаймыз. Зерттеуде қазіргі этникалық саясат пен елдегі этникалық соғыс империялық режим кезінде пайда болғаны анықталды. Менелик II (*Эфиопия императоры: 9 наурыз 1889 – 12 желтоқсан 1913*) және оның мұрагері Эфиопияның қазіргі территориясын жаулау кезінде оңтүстік жерлерін басып алады, халық мүлкін тәркілейді, құлға айналдырады және адамшылықтан айырады. Империялық билік тұсында Эфиопия адамдар үшін түрме болып саналды және этникалық бірегейлікке тыйым салынды. Мақала Эфиопияның империялық режимдері елдегі ұзақ және өлімге әкелген азаматтық соғыстары ықтимал репрессиялардың, қақтығыстардың және этникалық зорлық- зомбылықтың бастаушылары болғанын анықтайды.

1993 жылы тәуелсіздігін алған Эритрея саясатына ұлтшылдық туралы бәсекелес нарративтер өте көп. «Ресми» нарративтер Эритреяның болжамды тұрақтылығын, тәртіптілігін және бірегейлігін көрсетеді. Бұл дискурс үкіметтің саясатын қорғайды және қолдайды. Бұл

көзқарасқа қарсы пікірлер керісінше ресми саясатқа наразылық білдіріп, ұлтшылдықты басқаша қарауға итермелейді. S.R. Dorman (2005) мақаласында дәстүрлі нарративтердің дискурсивті күші және Эритреядағы мемлекет пен ұлттық құрылысын сипаттауға арналған жаңа зерттеулердің салдары дәйектеледі. Жалпы тәуелсіздігін енді алған мемлекеттердегі ұлтшылдық және ұлттық құрылыс мәселелері көптеген құбылыстармен байланысады. Олардың арасында жаһанданудың ықпалы, этностық топтар және ұлтшылдық арасындағы қарым-қатынас маңызды деп ойлаймыз. Мемлекет пен ұлттық құрылыс мәселелерінің мемлекет өмірінің барлық салаларына енуі барлық әлеуметтік құрылымдардың терең саясиландырылғанын білдіреді.

R. Heinze (2008) зерттеуінде радионың отарсыздандыру процесіндегі рөлі талданады. Ғалым Намибия мен Замбияның тәуелсіздік алғаннан кейінгі ұлттық құрылыс әрекеттерінде көрініс тапқан африкалық ұлтшылдықтың таралуын айқындайды. Бұл процесте Африка мемлекеттеріндегі ең маңызды бұқаралық ақпарат құралы рөлін радио атқарады. Өлі күнге дейін радио бұл елдерде түрлі идеологиялар туралы ақпарат беру үшін қолданылады. Бұл тұста бұқаралық ақпарат құралдарының ресми идеологияны таратуы ғана емес, журналистердің рөлі мен өзін-өзі танып білуі және БАҚ бағдарламаларының мақсат- міндеттерін түйсінуі де маңызды. Хабарды жүргізуші немесе ақпаратты беруші БАҚ қызметкері ресми саясатты жеткізуі осы ұстанымдарға байланысты. Қажетті саяси ақпарат, қалыптасқан инфрақұрылым, журналистер идеялары мен тыңдармандар тілектерінің қайшылықтары ұлтшылдық саясаттың байланысын және бұқаралық ақпарат құралдарының виртуалды ұлттық кеңістік құруды жүзеге асыру сәтті бола бермейтін күрделі процесс екенін ұмытпау қажет.

Ұлтшылдық және ұлттық құрылысқа белгілі тұлғалар және оның еңбектері ықпал жасауы мүмкін. Мәселен, D. Offord (2010) зерттеуінде Н.М. Карамзиннің «История государства Российского» (*Қараңыз: Карамзин Н.М. История государства Российского. <http://www.spsl.nsc.ru/history/karam/karahist.htm>*) еңбегі арқылы XIX ғасырдың басындағы Ресейдегі ұлттық бірегейліктің қалыптасуына және ұлтшылдықтың дамуына қосқан үлесі талданады. Ғалым Карамзиннің біртұтас

мемлекеттің дамуы Ресейге еуропалық ұлттар отбасына мүшелікке тең құқықтар берді деген дәлелін зерттейді және Карамзин үшін Ресейдің ұлттық бірегейлігі империялық экспансияға енгізілгенін атап көрсетеді. Автордың тұжырымы бойынша Карамзин ең алдымен саяси ұлтшыл болған. Зерттеуде Карамзиннің гуманистік, космополиттік ойлары, оның этатизміне қайшы келетін пікірлері және осы этатизмнен күрделі мәдени ұлтшылдықты көрсететін элементтер де дәйектелген.

Этно-нәсілдік және тілдік шекаралар бүкіл әлемде әлеуметтік-экономикалық әл-ауқат үшін үлкен маңызға ие. Бір кездері Кеңес Одағының құрамына кірген елдердің саяси өмірі өзгерістерге ұшырап, социалистік дәуірдің керемет сабақтастығын көрсете алды.

V. Agadjanian және B. Oh (2020) мақаласы этно-нәсілдік әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктің тамыры мен көріністері, посткеңестік контекстегі ұлттық құрылыс және ұлтшылдықтың ұлтаралық деректерін алуға ықпал етеді. Зерттеуде 2011 және 2017 жылдары Қырғызстанда жүргізілген екі бірдей жалпыұлттық репрезентативті сауалнама деректері кәсіп түрлері мен экономика секторлары, ерлер мен әйелдердің табыстары бойынша жұмыспен қамтудағы этникалық және тілдік айырмашылықтардың заңдылықтары мен қағидаларын дәйектеу үшін пайдаланылды. Авторлар үкіметтің ұлттың титулдық көпшілігі қырғыздарды ілгерілету және олардың тілін қолдануды ынталандыру саясатына қарамастан, этнотілдік экономикалық теңсіздіктер кеңестік дәуірден қалған деп санайды.

Плюралистік қоғам әдетте әлсіз ұлттық бірлікпен сипатталып, бұл саяси шиеленіс пен зорлық-зомбылық қақтығыстар қаупін арттырады. Түрлі діни немесе этникалық топтардың тұрақты дамуы мен бейбіт өміріне қажетті әлеуметтік келісімді құру үшін тек бейбітшіліктің болуы жеткіліксіз. Мәдениетаралық диалог, өзара түсіністік пен оқу іс-әрекетіне белсенді қатысу арқылы оң өзара әрекеттесуді дамытудың тиімді ортасы болып табылатын мектептер плюралистік қоғамдағы әлеуметтік бірлікті нығайтудың кешенді стратегиясының бөлігі бола алады. Ливан мысалын пайдалана отырып, Н. Baqtıyeh (2019) мақаласында соңғы онжылдықтағы саяси және әлеуметтік-экономикалық әділетсіздіктің нашар білім беру саясаты-

мен бірге мономәдени мектеп климатының үстемдігінің Ливан қоғамын бөліп, зорлық-зомбылық пен қақтығыстарға осалдығын көрсетеді. Ливандағы білім беру реформалары мемлекеттік құрылыс және ұлтшылдыққа бағытталғанымен, көпмәдениетті мектеп климатын, қоғамдық келісім мен ұлттық бірегейлікті дамыта алмады. Мұндай климатта білім беру және оқыту мәдениетаралық өзара әрекеттесу мен диалогты болдырмайды. Керісінше, топшілік ынтымақтастық пен топаралық бәсекелестік күшейіп, әлсіз әлеуметтік бірігуге әкеледі.

Рәміздік ұлтшылдық ұлттық құрылысқа ықпал жасайды деген көзқарастар кездеседі. Мемлекеттің әлемде демей-ақ қояйық, өңірдегі саяси және тарихи үстемдігі осы рәміздік ұлтшылдықта көрініс табады. Мәселен, Гананың бірінші Президенті К. Нкрума (1960-1966) ұлттық құрылысқа рәміздік ұлтшылдықпен әсер еткен (Assensoh, 2014). Ол Гана мемлекетін құру үшін валюта, маркалар, мұражайлар, ту секілді басқа да қоғамдық рәміздер арқылы символдық стратегияларды құрды. Демек, бұл әрекетті ұлттық құрылыспен байланысы бар деуімізге болады.

### **Ұлтшылдық және ұлттық құрылыстың мәдени қырлары, білім беру процесіндегі рөлі**

Ұлтшылдық аясында ұлттық құрылысты зерттеудегі мәдени бірегейлікті анықтауда тілдің маңыздылығы ерекше аталады (Johnson, 1993). Адам өз халқының тілінде сөйлегенде, дүниені осы тілде түсінеді және қабылдайды. Бұл тілдің мәдени маркер ретіндегі қызметінің мәнін ашады. Тіл белгілі бір халықтың ұлттық, рухани және мәдени болмысына шоғырлана отырып, белгілі бір қоғамның өмір сүруінің ерекше жағдайларын және оның дүниетанымын білдіреді. Тіл бірегейлігі адам дамуына және оның этностық топ ішінде жалғасуына қойылатын талап болып табылады. Тіл тәжірибесі, тіл саясаты және оны жоспарлауға араласудың ұзақ тарихы бар (Wee, 2011). Жаңа тәуелсіз мемлекеттердің тілдік мәселелерін ұтымды және жүйелі процедураларды енгізу арқылы шешуге болады. Ол үшін тіл саясаты мен оны жоспарлау пәнаралық және саясиландырылған көзқарасқа айналуы керек. Өйткені оның алдында тұрған мәселелер күрделі мүдделерді білдіретіндіктен, жеке адамнан мемлекеттік

шекаралар арқылы әлеуметтік өмірдің түрлі деңгейлеріне таралуы мүмкін. Тіл қолданысы сол елдің мемлекеттік шекарасында тоқтайды. Тілге қатысты әлеуметтік-саяси шешімдер ғана осы мәселеге ықпал ете алады. Бұл мәселені бір жағынан академиялық мүдделер үшін жүргізсек, екінші жағынан саяси және бюрократиялық мүдделер арасындағы динамикалық өзара әрекеттесу ретінде қарастыруға болады.

Ұлтшылдық және ұлттық құрылысты зерттеу ұлттық бірегейлік аясында халықтар эволюциясын бірінші орынға қойды. R. Hanks (1994) пікірінше, ұлтшылдық Кеңес империясының дертіне айналды. Ұлтшыл күштердің кінәсінен КСРО-ның ыдырауы жылдам болғаны сонша, мұны ешкім күткен жоқ. Халықтың өсу қарқыны жоғары және Еуропа, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия қиылысында стратегиялық маңызы бар Орталық Азия мемлекеттері жаңа мәртебе иеленді. Осы тұста R. Hanks ұлттық құрылыс шеңберіндегі ұлтшылдықтың исламдық факторына ерекше мән берді. Әлеуметтік құрылымдарда әлеуметтік алмасу мәселелері туындаған кезде бірегейлік құрылысы маңызды болады (Laclau, 1994). Орталық Азия жағдайында осы әлеуметтік алмасу ең алдымен мәдени сәйкестік пен дәстүрдің ерекшеліктерімен анықталады. Демек, ислам мәдениетінің құрылымдары әлеуметтік алмасуға ықпал жасады деуімізге негіз бар. Бұл тұста посткеңестік Орталық Азиядағы ұлтшылдық бірегейлікке исламның қайта жандануы әсер етті деуімізге болады.

Мәдени жіктелуді зерттеуде этникалық және ұлтшылдыққа қатысты жаңа антропологиялық көзқарастарды пайдалану жаңа тәуелсіз мемлекеттердің ұлттық құрылысы процесіндегі мәселелер мен қиындықтарды дәйектеуге септігін тигізеді. L.J. Fosse (1997) этникалық және ұлтшылдық мәселелерін әлеуметтік тұрғыда құрылған және идеологиялық тәжірибеде жүзеге асырылатын құбылыс деңгейінде қарастырады. Мұны ол идеологиялар арасындағы идеологиялық қақтығыс қатынастары деп көрсетеді. Бұл мәселе төңірегінде мына мәселелерге мән бергеніміз жөн: этникалық бірегейліктің қалыптасуы, өзектілігі және қолданылуын зерттеу; этникалық, таптық және этникалық ұлтшылдық саясаты арасындағы қатынастарды зерделеу; ұлтшылдықтың әлеуметтік құрылысында қолданылатын кейбір әдістер, пікірлер мен рәміздерді

айқындау. Ұлттық құрылыс халық үшін тиімді мемлекеттік рәміздерді қалыптастыру арқылы ғана емес, нақты саяси және экономикалық реформалар арқылы маңыздылығын да белгілеу қажет.

Салт-жоралар және ол туралы түсініктер ұлттар мен ұлтшылдықты зерттеудегі негізгі тақырып болып табылады. Осы саладағы зерттеулерді ынталандыру үшін R. Tsang және E.T. Woods (2013) редакциялығымен жарық көрген еңбекте ұлттардың, ұлтшылдықтың және ұлттық бірегейліктің пайда болуы, сақталуы және өзгеруіндегі салт-жоралар мен ол туралы түсініктердің рөлі талқыланды. Сондықтан халықтың рәміздік өмірімен байланысты заманауи және тарихи құбылыстар ұлтшылдық және ұлттық құрылыстың мәдени саясатымен тығыз байланысты.

Ұлтты брендке айналдыру арқылы әлеуметтік қиялды туындату мәселесінің де мәдени қырлары бар. Мәселен, Жапониядағы «Cool Japan» ұраны поп-мәдениет пен шығармашылық индустрия, ұлтшылдық және ұлттық құрылыс тұрғысында талқыланып жүр (Valaskivi, 2013).

«Cool Japan» стратегиясы Жапонияның әлемге тартымдылығын таратуға арналған елдің бренд стратегиясының бөлігі болып табылады. Бұл стратегия ойындар, манга, аниме және контенттердің басқа түрлері; сән үлгілері, коммерциялық өнімдер, жапон тағамдары мен дәстүрлі мәдениеттен бастап роботтарға дейін; экологиялық таза технологиялар мен басқа да жоғары технологиялық өнеркәсіптік өнімдерді қамтиды. «Cool Japan» мәдени, идеологиялық құралдар арқылы мінез-құлыққа және мүдделерге жанама әсер етеді (*Қараңыз:* [https://www.cao.go.jp/cool\\_japan/english/pdf/published\\_document2.pdf](https://www.cao.go.jp/cool_japan/english/pdf/published_document2.pdf); [https://www.cao.go.jp/cool\\_japan/english/pdf/cooljapan\\_initiative.pdf](https://www.cao.go.jp/cool_japan/english/pdf/cooljapan_initiative.pdf); <https://www.cambridge.org/core/journals/journal-of-asian-studies/article/abs/wink-on-pink-interpreting-japanese-cute-as-it-grabs-the-global-headlines/B4606FA0D296BE8EFB4F7EDC49DB0C87>).

Бұл стратегияны негізінен Жапонияның өз халқына және өзге елдерге жапондық ықпалға бағытталған деп түсінеміз. Сонымен қатар, аталмыш бағыт ұлттық брендингтің трансұлттық тәжірибемен байланысты екенін көрсетеді. Жалпы Жапонияда ұлтшылдық және ұлттық құрылысқа байланысты идеялары жеткілікті секілді. Мәселен, Мэйдзи

дәуіріндегі (1868-1912) ұлттық парадигмалар жапондық ұлттық құрылыс және ұлтшылдықтың дамуы, елдің жаһандану шарттарындағы қазіргі шиеленістер (Phipps, 2018) ізденісінде ерекше деп ойлаймыз. «Жаһандық Мәйдзи» идеясына шоғырлану жапонның ұлттық және жаһандық дәуірдегі орнын көрсетеді.

Ұлтшылдық және ұлттық құрылыс мәселелері ұлттық брендингпен қатар, тарихи білімді реформалау барысында да қарастырылады. Мәселен, J. Zajda (2014) зерттеуінде тарихи білім беруді реформалау саясаты және Ресей Федерациясындағы жалпы білім беретін мектептерге арналған жаңа тарих оқулықтары туралы пікірталастарға мән беріледі. Автордың пайымдауынша, Білім және ғылым министрлігі жүргізген тарихи білім берудегі, стандарттардағы және міндетті тарих оқулықтарындағы соңғы реформалар патриотизмге, ұлтшылдыққа және мемлекеттік құрылысқа жаңаша көзқараспен сипатталатын ұлттық тарих оқу бағдарламасындағы айқын идеологиялық өзгерісті көрсетеді. Бұл тұста оқулықтардағы тарихты қайта жазу процесінде кейбір оқиғалардың бұрмалану ықтималдығы басым екендігіне мән бергеніміз жөн. Бельгияда болса, білім беру жүйесін демократияландыру екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталып, азаматтық жауапкершілікті күшейту талабы қойылды (Van Velthoven, 2010). Идеологиялық жаңғыру үдерісін академиялық деңгейде де, білім беру деңгейінде де тарихшылар элитасы қолдады. Тарихшыларға Білім министрінің тапсырмасы бойынша мемлекеттік орта білім беру үшін (12-18 жас аралығындағы ұл балаларға арналған) тарих пәнінің жаңа оқу бағдарламасын әзірлеу тапсырылды. Әскери тарих, атаулар мен деректер тарихы білім беру процесінде қолайлы болмады. Мұның орнына әлеуметтік-экономикалық тарих, өркениеттер тарихы, қазіргі заман тарихы, ғылым мен техникалық прогресс маңыздырақ болды.

Ұлттық құрылыс процесін ұлттық мемлекеттердің айтарлықтай санының шексіз күшжігері ретінде анықтауымызға болады. Бұл процесте білім беру негізгі құралдардың бірі болып табылады. Ұлттық құрылыс саясатын барлық жағынан сәтті жүзеге асырылатын жоба емес, талпыныс аспектілерін ұстанған әрекет деп қарастырған жөн. Осы дәлел ізімен жүре отырып, В. Burak (2022)

зерттеуінде екі негізгі мақсат көзделген: ұлттық құрылыс және ұлтшылдық процесінің динамикасы, кейіпкерлері мен кезеңдері туралы әдебиеттерге шолу жасау арқылы Түрік академиясының ұлтшылдыққа тәрбиелеуге қалай қарағанын сыни тұрғыдан талдау. Бұл үшін ең алдымен ұлтшылдық туралы негізгі теориялық пікірталастарға тоқталады. Осыған байланысты этникалық және азаматтық ұлтшылдық, ұлтшылдықтың басқа да түрлері жан-жақты сарапталады. Екінші мақсатта мемлекеттің қалыптасу процесі мәдени тұрғыдан талданады. Ғалым «ұлттық құрылыс процесі шексіз талпыныс» деп баға береді. Сонымен қатар, Түрік академиясындағы ұлтшылдықты оқытуы тарихи тұрғыдан бағаланады.

Заманауи биоэтика философия, медицина, құқық, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың қиылысында дамып келе жатқан пән ретінде кәсібилендіріліп, институттандырылуда. Биоэтика өзінің іргелі құндылықтары, тұжырымдамалары және қағидаларымен бірге Батыстың дамыған елдеріне ғана емес, дамушы елдерге де таралып жатыр. Осылайша, биоэтика жаһандану және жергілікті мәдениеттерге бейімделу кезінде қызықты өзгерістерге ұшырауын жалғастыруда. А. Frolic, M.D. Coughlin және В. Keating (2011) тарихтың, мәдениеттің және саясаттың биоэтика қызметіне әсері туралы маңызды сұрақтар туғызатын ұлттық құрылыстың бірлігін қарастырады. Ғалымдар ұлттық бірегейлік пен бірегей мәдени маңызы бар мәселелермен айналысатын канадалық биоэтикаға ерекше назар аударған. Сонымен қатар, канадалықты ұлт ретінде не анықтайтынын және Канаданы бірегей ұлтқа айналдыру туралы алаңдаушылық білдіріп, американдық танымал мәдениет пен саяси ықпал, Квебек ұлтшылдығы секілді құбылыстар біртұтас ұлттық бірегейліктің сыртқы және ішкі қиындықтарын қалыптастырғанын жеткізеді.

Технокеңістік бейнелері ұлттық құрылыстың орталық аспектілерінің бірі ретінде ұлттық аумақтылықтың жаңа сезімін қалыптастырады. 1966-71 жылдардағы Пәкістандағы технокеңістікті түбегейлі қайта қарастыру әрекеттерінде технологиялар маңызды рөл атқарды (Mukharji, 2015). Осы кезеңдегі жаңа технокеңістіктерді өндіруге материалдық, саяси және рәміздік ресурстар жұмылдырылған. Фильмдер секілді мәдени туындылар ел үшін пайдалы жаңа технокеңістік бейнелерін жа-

сауда шығармашылық көзқарастарды қажет етеді. Қазіргі жаңа технокеністік бейнелер заманауи техносаяси нысандар, жобалар мен үрейлерге сүйене отырып, бейневизуалды материалдар арқылы халыққа әсер ете алады деп тұжырымдауға болады.

### Қорытынды

Қазіргі жаһандану шарттарында ұлттық құрылыстың өткен ғасырлардағы ұстанымдары қазіргі әлемнің жаңа тәртіптеріне сәйкес келе бермейді. Мәселен, өткен ғасырдың басындағы Кеңестік Қазақстанға социализм болашаққа бағыт және ұлттық құрылыстың тәжірибелік жетістігі болып көрінді. Өз уақытында социализм империализмге қарсылық білдіргенде ұлттың азаттығы мен автономиясын уәде етті. Қырғи қабақ соғысы кезінде социализм қоғамды капитализмнен алшақтау ұстауға тырысты. Капитализмде қарап қалмай, социализмнің капитализм ережелеріне бейімделуін күтті. Нәтижесінде феодализм мен социализм арасындағы әлеуметтік-экономикалық формация болып табылатын капитализм үстемдік ете бастады. Сондықтан қазіргі таңдағы ұлтшылдық және ұлттық құрылыс капитализм қағидаларына сүйенеді деуімізге болады.

Ұлттық құрылыс процесі мемлекеттің шексіз әрекетіне айналды. Бұл процесте ұлтшылдық пен бірегейліктің барлық түрлері, білім беру ең маңызды құралдар болды. Білім беру арқылы саяси элита үстем идеологияны жаңғыртады. Кең мағынада ұлтшылдықты ұлттық құрылысты түсіндірудің ерекше тәсілі аясында анықтауға болады және ұлттық құндылықтарға сәйкес ұлтшылдықтың түрлері болады. Ұлтшылдық көріністері, білім беру процесі мен ұлттық тарихты жазу ұлттық құрылыс процесіндегі негізгі құралдарға айналды. Әлбетте, ұлттық құрылыс пен мемлекеттің қалыптасуын материалдық процесс ретінде қарастыруға болмайды. Шын мәнінде, бұл процестер материалдық емес сипаттарды қамтып, мәдени болмыс сипаттамалардың маңызды бөлігіне айналды. Мәдени болмыс ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда негізгі орын алуы мүмкін. Бұл негізінен ұлттық білім беру арқылы жүзеге асырылады деп ойлаймыз. Орта және жоғары мектептерді мемлекет идеологиясын жаңғыртатын идеологиялық мемлекеттік аппарат ретінде қарастыруға болады. Білім беру процесінде ұлттық идеологияға

ерекше мән бере отырып, жаңғырту құралы ретінде тиімді пайдалануға зор мүмкіндіктер бар. Білім беру процесінде ұлттық дүниетанымды қалыптастырып қана қоймай, ұлттық құрылыс барысындағы мемлекеттік біртектілік саясатын түсіндіреміз. Азаматтар ынта-жігерінің жоқтығы этникалық тиістілік пен ұлтшылдықтың жоғалуына, саяси қатысуының төмендеуіне және саяси немқұрайлылықтың туындауына әкеледі. Бұл тұста ұлттық құрылыс процесі барысында ұлттық рәміздерді тиімді пайдалану маңызды емес. Халықтың ұлттық құрылысты қолдауы үшін мемлекеттің нақты экономикалық және саяси реформаларын шынайы көруі қажет. Ұлт бірлігі тек мемлекеттік құрылыспен байланысып қана қоймай, ұлттық құрылыстың экономикалық қағидалары мен саяси өлшемдеріне бағынады. Сондықтан экономиканы ең тұрақты біріктіруші күш деп атауымызға болады.

Зерттеудің негізгі мазмұны ұлтшылдық және ұлттық құрылыстың өзара байланыстарын бірінші рет сапалық контент-талдау және библиометриялық тәсілмен зерттеуде болып отыр. Зерттеу жұмысы шектеулерінің бірі – талдау тек «Scopus» базасында индекстелген жарияланымдармен болды. Дегенмен, «Scopus» ғылыми ақпарат тақырыптарының ең үлкен және толық жинағын индекстейді, осылайша деректер көзінің тұтастығын қамтамасыз етеді. Зерттеу нәтижелері ғылыми қауымдастыққа мәселенің теориялық және тәжірибелік тұстарын шешуге көмектесетін ұлтшылдық және ұлттық құрылыстың көп өлшемді көріністері мен ғылыми қырларын ұсынады. Ұлттық құрылыс облысының мамандары зерттеу нәтижелерін сала туралы түсінігін жақсарту және білімдерін одан әрі дамытуды ынталандыру үшін пайдалана алады. Екінші жағынан, зерттеу нәтижелері жас ғалымдарға, қызығушылық танытқан оқырмандарға мәселе төңірегінде ақпарат бере алады және олардың ұлтшылдық және ұлттық құрылысты зерттеудің маңызды аспектілерін түсінуге көмектеседі. Зерттеу нәтижелері мәселені ары қарай талдауға нұсқаулық және жүйелі шолулар жасау үшін қызмет ете алады.

### Қаржыландыру

Берілген мақала «Қазақстандағы ұлттық құрылыс аясындағы исламизация үдерісі: интеграциялық және дезинтеграциялық әлеуеті»

ҒЫЛЫМИ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ДАЙЫНДАЛЫП, БІЛІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ ҚАРЖЫ-ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ЛАНДЫРДЫ. Грант АР14871508.

### Әдебиеттер

- Aerts, R. (2009). National principles? A transnational history of politics and the constitution in the nineteenth century. *Bijdragen en Mededelingen Betreffende de Geschiedenis der Nederlanden*, 124(4), 580-598. <https://doi.org/10.18352/bmgn-1chr.7048>
- Agadjanian, V., & Oh, B. (2020). Continuities in transition: Ethnicity, language and labour market inequalities in Kyrgyzstan. *Development and Change*, 51(6), 1579-1612. <https://doi.org/10.1111/dech.12611>
- Akturk, S. (2017). Post-imperial democracies and new projects of nationhood in Eurasia: transforming the nation through migration in Russia and Turkey. *Journal of Ethnic and Migration Studies*, 43(7), 1101-1120. <https://doi.org/10.1080/1369183X.2016.1246177>
- Allweil, Y. (2016). *Homeland: Zionism as a housing regime, 1860-2011*. Routledge, London. <https://doi.org/10.4324/9781315395982>
- Anderson, B. (1983). *Imagined communities: Reflections on the origin and spread of nationalism*. Verso, London, New York.
- Assefa, T. (2022). The imperial regimes as a root of current ethnic based conflicts in Ethiopia. *Journal of Ethnic and Cultural Studies*, 9(1), 95-130. <https://doi.org/10.29333/ejecs/919>
- Assensoh, A. B. (2014). Foreword: Ghana's Kwame Nkrumah – His symbolic nationalism and nation building. In H. Fuller (Ed.), *Building the Ghanaian nation-state: Kwame Nkrumah's symbolic nationalism (xv-xx)*. Palgrave Macmillan, New York. <https://doi.org/10.1057/9781137448583>
- Barr, M. D. (2010). Religious nationalism and nation-building in Asia: An introduction. *Australian Journal of International Affairs*, 64(3), 255-261. <https://doi.org/10.1080/10357711003736428>
- Batiashvili, N. (2017). *The bivocal nation: Memory and identity on the edge of empire*. Palgrave Macmillan, Cham. <https://doi.org/10.1007/978-3-319-62286-6>
- Baytiyeh, H. (2019). The implication of school culture on building a cohesive pluralistic society: Evidence from Lebanon. *Improving Schools*, 22(2), 191-200.
- Berger, S., & Miller, A. (Eds.). (2014). *Nationalizing Empires*. Central European University Press, Budapest-New York. <https://doi.org/10.1515/9789633860175>
- Brown, D. (2000). *Contemporary nationalism: civic, ethnocultural and multicultural politics*. Routledge, London, New York.
- Burak, B. (2022). Teaching nation-building and nationalism: a critical perspective of Turkish academia. *Journal of Applied Learning and Teaching*, 5(1), 89-98. <https://doi.org/10.37074/jalt.2022.5.1.10>
- Calhoun, C. (1997). *Nationalism*. Open University Press.
- Chee-Beng, T. (2011). Malaysia: Ethnicity, nationalism, and nation building. In L. H. Guan & L. Suryadinata (Eds.), *Malaysian Chinese: Recent developments and prospects* (pp. 1-25). ISEAS-Yusuf Ishak Institute.
- Dirlik, A. (2008). Socialism in China: A historical overview. In K. Louie (Ed.), *The Cambridge companion to modern Chinese culture* (pp. 155-172). Cambridge University Press. <https://doi.org/10.1017/CCOL9780521863223.008>
- Dorman, S. R. (2005). Narratives of nationalism in Eritrea: Research and revisionism. *Nations and Nationalism*, 11(2), 203-222. <https://doi.org/10.1111/j.1354-5078.2005.00200.x>
- Eisenstadt, S. N., Schluchter, W., & Wittrock, B. (Eds.). (2018). *Public spheres and collective identities*. Routledge, New York. <https://doi.org/10.4324/9781351307567>
- Fosse, L. J. (1997). Negotiating the nation: Ethnicity, nationalism and nation-building in independent Namibia. *Nations and Nationalism*, 3(3), 427-450. <https://doi.org/10.1111/j.1354-5078.1997.00427.x>
- Frolic, A., Coughlin, M. D., & Keating, B. (2011). The dominion of bioethics: Nationalism and Canadian bioethics. In C. Myser (Ed.), *Bioethics around the globe* (pp. 191-215). Oxford University Press. <https://doi.org/10.1093/acprof:oso/bl/9780195386097.003.0012>
- Gellner, E. (2009). *Nations and nationalism*. Cornell University Press.
- Gill, S. (2014). Language, nation-building and identity formation in a multi-ethnic society. In: *Language policy challenges in multi-ethnic Malaysia. Multilingual education*, vol 8. Springer, Dordrecht. [https://doi.org/10.1007/978-94-007-7966-2\\_2](https://doi.org/10.1007/978-94-007-7966-2_2)
- Green, N. (2013). Locating Afghan history. *International Journal of Middle East Studies*, 45(1), 132-134. <https://doi.org/10.1017/S0020743812001316>
- Greenfeld, L. (1992). *Nationalism. Five roads to modernity*. Harvard University Press.
- Hanks, R. (1994). The Islamic factor in nationalism and nation-building in Uzbekistan: Causative agent or inhibitor? *Nationalities Papers*, 22(2), 309-323. <https://doi.org/10.1080/00905999408408329>
- Heinze, R. (2008). «Decolonising the mind». Nationalism and nation building in Namibian and Zambian radio. *Archiv fur Sozialgeschichte*, 48, 295-316.
- Hobsbawm, E., & Ranger, T. (Eds.). (2012). *The invention of tradition*. Cambridge University Press. <https://doi.org/10.1017/CBO9781107295636>
- Hutchinson, J., & Smith, A. D. (Eds.). (1994). *Nationalism*. Oxford University Press, Oxford.
- Johnson, N. C. (1993). Building a nation: An examination of the Irish Gaeltacht Commission Report of 1926.

- Journal of Historical Geography*, 19(2), 157-168. <https://doi.org/10.1006/jhge.1993.1011>
- Kymlicka, W. (2003). Liberal theories of multiculturalism. In L. H. Meyer, S. L. Paulson, & T. W. Pogge (Eds.), *Rights, culture and the law: Themes from the legal and political philosophy of Joseph Raz* (pp. 229-250). Oxford University Press. <https://doi.org/10.1093/acprof:oso/9780199248254.003.0013>
- Laclau, E. (Ed.). (1994). *The making of political identities*. Verso Books, London, New York.
- Laughlin, J. M. (1986). The political geography of 'nation-building' and nationalism in social sciences: structural vs. dialectical accounts. *Political Geography Quarterly*, 5(4), 299-329. [https://doi.org/10.1016/0260-9827\(86\)90021-2](https://doi.org/10.1016/0260-9827(86)90021-2)
- Liikanen, I., Scott, J. W., & Sotkasiira, T. (2016). Concluding observations: The European union, partnership and neighbourhoods). In I. Liikanen, J. W. Scott, & T. Sotkasiira (Eds.), *The EU's Eastern neighbourhood: Migration, borders and regional stability* (pp. 257-267). Routledge, London. <https://doi.org/10.4324/9781315858036>
- Liu, Q., & Turner, D. (2018). Identity and national identity. *Educational Philosophy and Theory*, 50(12), 1080- 1088. <https://doi.org/10.1080/00131857.2018.1434076>
- Macleod, R. (2011). Scientists. In J. Winter (Ed.), *The Cambridge History of the First World War: Volume II the State* (pp. 434-459). Cambridge University Press. <https://doi.org/10.1017/CHO9780511675676.021>
- Marples, D. R. (2012). History, memory, and the Second World War in Belarus. *Australian Journal of Politics and History*, 58(3), 437-448. <https://doi.org/10.1111/j.1467-8497.2012.01646.x>
- Mavroudi, E., & Holt, L. (2021). Learning to be (multi)national: Greek diasporic childhood re-memories of nationalism and nation-building in Australia. *Children's Geographies*, 19(5), 552-566. <https://doi.org/10.1080/14733285.2021.1965090>
- Moreno-Luzón, J. (2007). Fighting for the national memory: The commemoration of the Spanish "war of Independence" in 1908-1912. *History and Memory*, 19(1), 68-94. <https://doi.org/10.2979/his.2007.19.1.68>
- Mukharji, P. B. (2015). Technospatial imaginaries: Masud Rana and the vernacularization of popular Cold War geopolitics in East Pakistan, 1966–1971. *History and Technology*, 31(3), 324-340. <https://doi.org/10.1080/07341512.2015.1126023>
- Offord, D. (2010). Nation-building and nationalism in Karamzin's history of the Russian state. *Journal of Modern Russian History and Historiography*, 3(1), 1-50. <https://doi.org/10.1163/221023810X534342>
- Oommen, T. K. (2002). State versus nation in South Asia: Linking language and governance. *South Asian Survey*, 9(2), 275-286. <https://doi.org/10.1177/097152310200900209>
- Phipps, C. (2018). Introduction: 'Meiji Japan in global history'. *Japan Forum*, 30(4), 443-451. <https://doi.org/10.1080/09555803.2018.1538160>
- Raz, J. (1994). Multiculturalism: A liberal perspective. In J. Raz (Ed.), *Ethics in the public domain: Essays in the morality of law and politics* (pp. 170-191). Clarendon Press. <https://doi.org/10.1093/acprof:oso/9780198260691.003.0008>
- Rees, K. M., & Webb Williams, N. (2017). Explaining Kazakhstani identity: supraethnic identity, ethnicity, language, and citizenship. *Nationalities Papers*, 45(5), 815-839. <https://doi.org/10.1080/00905992.2017.1288204>
- Smith, H. W. (1995). *German nationalism and religious conflict: Culture, ideology, politics, 1870-1914*. Princeton University Press.
- Storm, E. (2018). A new dawn in nationalism studies? Some fresh incentives to overcome historiographical nationalism. *European History Quarterly*, 48(1), 113-129. <https://doi.org/10.1177/0265691417741830>
- Tsang, R., & Woods, E. T. (Eds.). (2013). *The cultural politics of nationalism and nation-building: Ritual and performance in the forging of nations*. Routledge, London. <https://doi.org/10.4324/9781315886916>
- Valaskivi, K. (2013). A brand new future? Cool Japan and the social imaginary of the branded nation. *Japan Forum*, 25(4), 485-504. <https://doi.org/10.1080/09555803.2012.756538>
- Van Velthoven, H. (2010). Tensions concerning the introduction of a new history course in secondary state schools (1947-1952). Analysis of a pedagogical and political process of decision making. *Revue Belge de Philologie et de Histoire*, 88(2), 299-336. <https://doi.org/10.3406/rbph.2010.7926>
- Wee, L. (2011). Language policy and planning. In J. Simpson (Ed.), *The Routledge handbook of applied linguistics* (pp. 11-23). Routledge, London. <https://doi.org/10.4324/9780203835654>
- Zajda, J. (2014). The politicizing of Russian history education in the Russian media. *Educational Practice and Theory*, 36(2), 53-77. <https://doi.org/10.7459/ept/36.2.05>